

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 361 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министр і

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18; 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10; 50-51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; 2004 ж., N 2, 9-құжат):

9-баптың 1-тармағы 53) тармақшасында "пестицидтерді (улы химикаттарды)" деген сөздерден кейін "өндіру (формуляциялау), сату және" деген сөздермен толықтырылсын

2. "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14,

1 4 0 - қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) - дайын компоненттердің негізінде пестицидтерді (улы химикаттарды) дайындаудың технологиялық процесі;" ;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) фитосанитарлық мониторинг - зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуын зерттеуді, байқауды, есепке алуды, сондай-ақ олардың негізінде фитосанитарлық болжам әзірлеуді қамтитын іс-шаралар жүйесі;" ;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) фитосанитарлық болжам - фитосанитарлық іс-шараларды жүргізудің мерзімдері мен көлемін жоспарлау мақсатында зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің ықтимал таралуы мен даму дәрежесін алдын ала айқындау;" ;

2) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшада "бағдарламаларды" деген сөзден кейін "және нормативтік құқықтық актілерді" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), сату және қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін әзірлеу және бекіту;" ;

10) тармақшада "пестицидтерді (улы химикаттарды)" деген сөздерден кейін "өндіру (формуляциялау), сату және" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) фитосанитарлық болжамның жасалуын;" ;

4) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), әкелу, сақтау, сату, тасымалдау және қолдану, сондай-ақ олардың тіркеу және өндірістік сынауларды жүргізу мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жатады." ;

5) 14-баптың 1-тармағы 2) тармақшасында және 3-тармағында "пестицидтерді (улы химикаттарды)" деген сөздерден кейін "өндіру (формуляциялау), сату және" деген сөздермен толықтырылсын ;

6) 20-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында "ерекше қауіпті" деген сөздердің алдынан "зиянды және" деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті